Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 маусымдағы N 565 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Хьюлетт-Паккард" Интернешнл Трейд БиВи" компаниясы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жедел басқару орталықтарын құру, оларды бірыңғай жедел-басқару кешеніне біріктіру жөніндегі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде 1467915000 (бір миллиард төрт жүз алпыс жеті миллион тоғыз жүз он бес мың) теңге сомасына тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК